

2025 жылы Достық үйлерінің жұмысы кеңейіп, олардың қызметіне жаңа бағыттар енгізілді. Соның ішінде: медиация орталықтары; сараптамалық-талдау кабинеттері; этносаралық зерттеу топтары; жастарға арналған “Birlik Hub” алаңдары; этнос тілдерін цифрлық форматта оқыту курстары.

2025 жылғы ресми есептер бойынша, елімізде 10 толыққанды Достық үйі жұмыс істейді, ал 6 өңірде жаңаларын ашу жоспары өзектілігін сақтап отыр [2, 69 б].

2025 жылы ҚХА мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті арасында меморандумға қол қойылды. Құжаттың маңызды бағыты - университет базасында ҚХА-ның “Елтану” ғылыми-зерттеу институтын құру туралы шешім қабылдауы.

Институт әлі ресми түрде құрылу кезеңінде, бірақ болашақта: этносаралық қатынастарды ғылыми тұрғыда зерттеу, ҚХА бастамаларына талдамалық сүйемелдеу, ғылыми кадрлар даярлау, ағартушылық бағдарламалар әзірлеу міндеттерін атқаруы көзделген.

ҚХА хатшылығы бұл институтты “елдің этносаралық саясатын ғылыми қамтамасыз ететін интеллектуалды орталық” ретінде қалыптастыруды жоспарлап отырғанын атап өтті [3]

Қорытындылай келе Қазақстанның этносаралық келісім моделі - ел дамуының негізгі стратегиялық тірегі. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы, Достық үйлері, толеранттылық саясаты, азаматтық бірлік концепциясы, мәдениет пен спорттағы тұлғалардың үлесі және ғылыми орталықтардың құрылуы - бәрі біртұтас ұлттық келісім жүйесін құрайды.

2025 жылы қабылданған жаңа бастамалар, оның ішінде “Елтану” ҒЗИ-дың құрылуы, Ассамблеяның дамуын жаңа ғылыми деңгейге көтермек.

Қазақстан тәжірибесі әлемдік деңгейде мойындалып, этносаралық татулық мәдениетінің тұрақты үлгісі ретінде қалыптасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы материалдар. - Астана, 2024. -24 б.
2. Достық үйлерінің қызметі туралы есеп. - Алматы, 2025. -17 б.
3. ҚХА мен Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ арасындағы меморандум туралы ресми ақпарат. -2025. -44 б.
4. Ахмадиев М. Этносаралық қарым-қатынас негіздері. - Алматы, 2019. -181 б.
5. Қазақстан мәдениеті: халықаралық жобалар. - 2022.

АССАМБЛЕЯ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Сәкен К.Қ.

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Мұстафин Е.Е.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

mustafin_yerkebulan@mail.ru

Қазақстан - сан түрлі ұлт пен ұлыстың қасиетті мекені, бейбітшілік пен келісімнің алтын бесігі. Ежелден бауырмалдық пен төзімділікті ту еткен қазақ жері бүгінде жүзден астам этностың ортақ шаңырағына айналды. Бұл - кездейсоқ жетістік емес, ғасырлар бойы қалыптасқан мейірім мен даналыққа, парасат пен ізгілікке негізделген ұлттық дәстүрдің жемісі. Ел тағдырындағы ең басты байлық - жер қойнауының байлығы да, табиғи ресурстар да емес, халықтың бірлігі мен татулығы, азаматтардың өзара сыйластығы мен сенімі. Осы асыл құндылықтардың тұрақтылығын қамтамасыз етіп отырған, елдіктің ұстынын бекемдеген бірегей институт - Қазақстан халқы Ассамблеясы.

1995 жылы Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы - қоғамдағы этносаралық келісімнің нақты тетігіне айналған тарихи институт. Оның құрылуы еліміздің жаңа дәуірдегі даму бағытын айқындап, «Бірлік - берекенің бастауы» қағидасын өмірдің өз өзегіне айналдырды. Ассамблея - еліміздің көпэтносты бейнесін бейбіт жолмен өркендетудің, ел ішінде татулық пен тұрақтылықты сақтау ісінің сенімді тұтқасы [1, 124 б.].

Ассамблеяның басты мақсаты - қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, халықтар арасындағы өзара сыйластықты арттыру, бейбітшілік пен тұрақтылықтың мәдениетін қалыптастыру. Бұл ұйымның ерекшелігі - ол тек кеңесші орган ғана емес, елдің қоғамдық-саяси өмірінде белсенді рөл атқаратын қуатты платформа. Ассамблея аясында этностар өз мүдделерін еркін білдіріп, мемлекет пен қоғам арасындағы дәнекер қызметін атқарады [3, 47 б.].

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы - демократиялық жаңғырудың көрінісі. Оның Парламент Мәжілісінде өкілдері бар, бұл - әлемдік тәжірибеде сирек кездесетін үлгі. Бұл қадам этностардың саяси процестерге тең дәрежеде қатысуына мүмкіндік беріп, ел бірлігін нығайтудағы жауапкершілікті ортақ етуге жол ашты.

Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясы - ел бірлігін сақтаудың, бейбітшілік пен келісім идеясын ұрпақ санасына сіңірудің, мәдениеттер арасындағы көпірдің символы. Ол - еліміздің тұтастығын, тұрақтылығын және болашаққа деген сенімін қамтамасыз ететін қоғамдық институттардың ең бірегейі [4, 18 б.].

Ассамблея қызметінің өзегінде - **этномәдени бірлестіктердің** белсенді еңбегі жатыр. Этномәдени бірлестіктер - ел ішіндегі ұлттар мен ұлыстардың мәдени, тілдік және рухани мұраларын сақтауға бағытталған ұйымдар. Олар өз этносының дәстүрін жаңғыртып қана қоймай, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы Қазақстанның рухани тұтастығын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда елімізде 470-тен астам этномәдени бірлестік және олардың 1000-ға жуық филиалдары жұмыс істейді. Бұл ұйымдар ұлттық мерекелер, шығармашылық фестивальдер, ғылыми конференциялар, тіл үйрету курстары мен қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру арқылы қоғамдық өмірге белсенді араласады [2].

Мысалы, елімізде татар, өзбек, кәріс, ұйғыр, неміс, украин, шешен, түрік, грек және басқа да этностардың мәдени орталықтары белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Мәселен, «Ариран» кәріс мәдени орталығы жастар арасында ана тілін сақтау мен ұлттық өнерді дамыту бағытында үздік жобаларды жүзеге асырады. Ал «Вайнах» шешен-ингуш қауымдастығы жыл сайын «Бірлік мерекесін» ұйымдастырып, ұлттық би мен ән арқылы халықтар достығын дәріптейді. «Ахыска» түрік қоғамы мен «Возрождение» немістер бірлестігі өз мәдени мұраларын сақтай отырып, қазақ халқының дәстүрлеріне де үлкен құрметпен қарайды.

Республикалық деңгейде жұмыс істейтін ірі этномәдени бірлестіктер қатарында: «Қазақстанның орыс, славян және қазақ ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі; «Қазақстан украиндерінің «Радасы» заңды тұлғалар бірлестігі; «Қазақстандық татарлар мен башқұрттар конгресі» республикалық қоғамдық бірлестігі; «Возрождение» Қазақстандық немістер бірлестігі» қоғамдық қоры; Қарағанды облысындағы «Вайнах» шешен-ингуш қоғамы; «Ариран» кәріс мәдени орталығы; «Бірлік» татар-башқұрт ұйымы; «Ахыска» түрік қоғамы және басқа да көптеген бірлестіктер бар.

Осылардың әрқайсысы елдегі бейбітшілік пен өзара түсіністіктің нығаюына зор үлес қосуда.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде бұқаралық ақпарат құралдары қоғам өмірінің барлық саласында маңызды идеологиялық және мәдени миссия атқарады. Қазақстан сияқты көпэтносты мемлекет үшін БАҚ - ұлттар мен ұлыстар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтудың басты құралы. Ел аумағында әртүрлі тілдерде жарық көретін этникалық басылымдар мен телерадио бағдарламалар этносаралық келісімнің рухани көпіріне айналып отыр.

Қазіргі таңда елімізде **тоғыз этникалық бұқаралық ақпарат құралы** өз ана тілдерінде тұрақты түрде жарық көреді. Қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, өзбек, кәріс, эзирбайжан және басқа да тілдердегі газеттер мен журналдар халықтар арасындағы мәдени диалогты жандандырып, өзара сыйластық пен бейбітшілікті дәріптеуде ерекше рөл атқарады. Бұл басылымдар тек ақпарат тарату құралы емес, ұлттар достығының символына айналған мәдени институттар іспетті [4, 20 б.].

Мысалы, «**Коре Ильбо**» газеті кәріс этносының ұлттық болмысын, тілі мен дәстүрін сақтауға үлкен үлес қосып келеді. Газет беттерінде кәріс халқының мәдени мұрасы мен өнері жайлы мақалалармен қатар, қазақстандық қоғамдағы бейбіт өмірдің, этносаралық татулықтың жарқын мысалдары жиі жарияланады. Ал «**Deutsche Allgemeine Zeitung**» басылымы қазақстандық немістердің өмірін, мәдени жаңғыруын және ел дамуына қосқан үлесін кеңінен насихаттай отырып, еліміздегі көпұлтты бірліктің мәнін аша түседі.

Этникалық БАҚ қызметі - Қазақстан халқы Ассамблеясының ақпараттық саясатының маңызды бөлігі. Олар тек өз этносына арналған жаңалықтарды ғана емес, бүкіл қазақстандық қоғамды біріктіретін ортақ құндылықтарды дәріптейді. Осы арқылы әр этнос өкілі өз мәдениетін сақтай отырып, біртұтас азаматтық қоғамның мүшесі ретінде өзін сезінеді.

Этникалық БАҚ - **мәдени алмасудың алтын арнасы**, халықтар арасындағы рухани көпір және бейбітшілік пен келісім идеясын ұрпақ санасына жеткізудің пәрменді құралы. Осындай ақпараттық және мәдени байланыстардың арқасында Қазақстанда түрлі этностар өз мәдени ерекшелігін сақтап қана қоймай, бір мақсат пен бір тағдыр жолында топтасып келеді.

Этномәдени бірлестіктердің тағы бір маңызды бағыты - **жастармен жұмыс**. Олар жас ұрпаққа толеранттылық, бауырмалдық, өзге халықтың дәстүріне құрметпен қарау сияқты қасиеттерді сіңіреді.

Мысалы, «Жастар Ассамблеясы» құрылып, түрлі этнос өкілдерінің арасындағы достық форумдарын, дебат сайыстарын, волонтерлік жобаларды жүзеге асырап келеді. Мұндай тәлім-тәрбие арқылы жастардың бойында **қазақстандық бірегейлік пен отансүйгіштік рух** қалыптасады. Бұл - елдің келешегін бейбіт және тұрақты негізде қалыптастырудың басты шарты.

Қазіргі кезеңде этномәдени бірлестіктер қызметін үш бағытта қарастыруға болады:

1. **Жергілікті немесе этномәдени деңгей** - әр этнос өз дәстүрін, тілін, мәдени мұрасын сақтау арқылы қоғамдағы мәдени әралуандықты қолдайды.

2. **Аймақтық немесе этносаяси деңгей** - этностар арасындағы келісімді қамтамасыз ету, аймақтық жобалар мен форумдар ұйымдастыру.

3. **Халықаралық немесе геосаяси деңгей** - Қазақстанның бейбітшілік пен келісім саясатын халықаралық аренада таныстыру, шетелдік диаспоралармен мәдени байланыстар орнату.

Қазақстанның этносаралық келісім тәжірибесі - ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениеттің және халық даналығының заңды жалғасы. Ежелгі көшпелі қазақ қоғамында өзге ұлт пен ұлыс өкілдерін құрметтеу, меймандостық, әділдік және татулық қағидаттары басты өмірлік ұстаным болған. «Қонақ келсе, құт келеді», «Татулық бар жерде бақ бар» деген халық нақылдары соның айғағы. Бұл ұстанымдар қазіргі заманда да өз маңызын жоймай, Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі қағидаларының біріне айналды [5, 64-66 б.].

Қазақ халқының төзімділікке, бауырмалдыққа және көпұлтты ортада бейбіт қатар өмір сүруге негізделген дәстүрлері - бүгінгі этносаралық келісім саясатының іргетасы. Ел тарихындағы депортация жылдарында түрлі халықтардың қазақ жеріне қоныстандырылуы кезінде жергілікті жұрттың мейірім мен жанашырлық танытуы - қазақ қоғамындағы гуманизм мен бірлік рухының көрінісі еді. Осы тарихи сабақтастық бүгінде Қазақстанның мәдени көптүрлілігін сақтау мен нығайту ісінде ерекше мәнге ие.

«Вайнах» шешен-ингуш қауымдастығының тең төрағасы Ахмед Мурадовтың «Қазақстанда 130 этностың өкілі өмір сүреді және бұл халықтар қазақ халқына риза. Алғыс айту күні - біздің қоғамдағы татулық пен ризашылықтың айғағы» деген сөзі - ел халқы арасындағы өзара құрмет пен бірлік рухының нақты дәлелі. Бұл пікір қазақстандық қоғамның шынайы достық пен өзара сенімге негізделгенін айғақтайды.

«Бір халық - бір ел - бір тағдыр!» ұраны - Қазақстан халқының жүрегінде ұлттық тұтастық пен ортақ мақтанш сезімін оятады. Бұл ұранның әрбір бөлігі терең философиялық мәнге ие: **«Бір халық»** - көпэтносты қоғамдағы ортақ ұлттық мүдде мен азаматтық бірлікті білдіреді; **«Бір ел»** - барша қазақстандықтардың ортақ Отанға деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін бейнелейді; **«Бір тағдыр»** - елдің тарихи жолы мен болашаққа бағытталған ортақ мақсаттарын айқындайды.

Қазақстанның этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім моделі бүгінде әлемдік деңгейде мойындалған ерекше қазақстандық брендке айналды. Бұл модельдің тиімділігі - мемлекеттің ұлт саясаты мен азаматтық қоғамның өзара ықпалдасуында, яғни әрбір этностың мәдени және тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, ортақ мемлекеттік құндылықтар төңірегінде бірігуінде.

Мемлекет басшысының:

«Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында ешбір этнос өзінің тілін жоғалтқан жоқ. Біздің мәдениеттер мен дәстүрлердің көптүрлілігі үндестікке, өзіне тән реңк пен молшылыққа ие болды» - деген сөзі елдегі этностардың тең құқықтылығы мен мәдениетаралық үйлесімділіктің нақты дәлелі.

Осылайша, ел бірлігі мен татулық - Қазақстанның даму жолындағы басты құндылық әрі мәңгілік мұрат. Бірлік бар жерде - тұрақтылық, татулық бар жерде - өркендеу бар. Сондықтан этносаралық келісім мен өзара сыйластықты сақтау - барша қазақстандықтардың ортақ борышы және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігі [5, 72 б.].

Этномәдени бірлестіктердің Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметіндегі орны мен маңызы - ұлт бірлігінің, қоғамдық келісімнің және ел тұрақтылығының басты тірегі болып табылады. Бұл ұйымдар этностардың мәдени мұрасын сақтау, өзара сыйластық пен түсіністікті нығайту, қоғамда бейбітшілік пен татулықты орнықтыру бағытында маңызды миссия атқарып келеді. Этномәдени бірлестіктердің тиімді жұмысы - елдегі әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі, мемлекеттің интеграциялық саясатының нақты көрінісі.

Ассамблея шеңберінде жұмыс істейтін бұл құрылымдар мемлекеттік саясат пен азаматтық қоғам институттары арасындағы дәнекер қызметін атқарып, этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыруда үлкен рөл ойнайды. Олар халық дипломатиясының жарқын үлгісін көрсетіп, ұлттар мен ұлыстардың татулығын, достық байланысын тереңдетіп отыр.

Қорытындылай келе, этномәдени бірлестіктердің орны мен маңызы - көпұлтты Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесінде айрықша мәнге ие. Олар ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және әлем алдындағы еліміздің бейбітсүйгіш имиджін қалыптастыруға зор үлес

қосып келеді. Осы бірлік пен келісімнің арқасында Қазақстан болашақта да дамудың даңғыл жолымен ілгерілеп, Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыра беретініне сенім мол. Сонымен қатар, этномәдени бірлестіктер жастар арасында толеранттылық пен бауырмалдықты қалыптастырып, әр ұлт өкілі өз мәдениетін сақтай отырып, біртұтас қазақстандық қоғамның мүшесі ретінде өзіг сезінуіне мүмкіндік береді. Олар этносаралық қатынастар мәдениетін дамытуда, қоғамдық келісімді нығайтуда және ұлттық бірлікті тұрақты түрде қолдауда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. - Астана: Ел-шежіре, 2017. - 123-128 бб.
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының ресми сайты - assembly.kz
3. Ахметов Қ. Қазақстандағы этносаралық келісім тәжірибесі. - Алматы, 2020. - 45-52 бб.
4. ҚХА XX сессиясының материалдары. - Астана, 2014. -17-22 бб.
5. Мурадов А. Қазақстан халқы Ассамблеясы және этномәдени саясат. - Қарағанды, 2022. - 63-70 бб.

ЦИФРЛАНДЫРУ - ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІЛІСТІҢ КІЛТІ

Тлеубек А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор ассистенті Амрина М.С.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің 2025 жылғы Жолдауында цифрландыруды «жаңа экономикалық серпілістің кілті» деп атап өтті. Мемлекет басшысы бұл бағытты еліміздің стратегиялық дамуының басты басымдығы ретінде белгілеп, барлық салада инновациялық технологияларды енгізу, экономиканы әртарапандыру және адами капиталды дамыту қажеттігін айта кетті. Цифрландыру - қоғам мен экономиканы технологиялық тұрғыдан жаңарту процесі.

Бұл тек компьютер немесе интернетті пайдалану ғана емес, сонымен қатар басқару жүйесін жетілдіру, өндіріс тиімділігін арттыру және жаңа жұмыс орындарын ашу тәсілі болып табылады. Қазақстанда цифрлық трансформация «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында бастау алды. Бағдарлама елдің экономикасын жаңа деңгейге көтеріп, заманауи ақпараттық инфрақұрылым құруға бағытталған. Қазіргі таңда электрондық үкімет, онлайн банкінг, цифрлық сауда және электрондық денсаулық сақтау жүйесі кеңінен дамып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы Жолдауында цифрлық экономиканы дамыту үшін төмендегі басым бағыттарды атап көрсетті:

- Мемлекеттік қызметтердің барлығын электронды форматқа көшіру;
- Өндіріс, ауыл шаруашылығы, білім және медицина салаларында жаңа цифрлық шешімдер енгізу;
- Жасанды интеллект пен үлкен деректерді (Big Data) қолдану арқылы басқару тиімділігін арттыру;
- Цифрлық кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау және инновациялық стартаптарға қолдау көрсету. Президенттің бұл бастамалары ел экономикасының сапалы өсуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және азаматтардың өмір сапасының артуына жол ашады.

Бүгінгі таңда әлем жылдам өзгеріп жатқан цифрлық дәуірге аяқ басты. Технология мен инновация адам өмірінің барлық саласына еніп, экономиканың, білім мен мәдениеттің жаңа форматын қалыптастыруда. Цифрландыру осы жағдайларда мемлекеттердің даму деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткішке айналды. Бұл фактор тақырып өзектілігі мен мақсатын айқындап, осы тақырыптың пайда болуының бір тетігі.

Цифрландыру экономиканы тиімді етуге, өндіріс шығындарын азайтуға және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Кәсіпорындар цифрлық технологияларды енгізу арқылы өз қызметін оңтайландырып, әлемдік нарыққа шығуға жағдай жасай алады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, цифрландыру:

- Мемлекеттік басқаруда ашықтықты қамтамасыз етеді;
- Шағын және орта бизнесті дамытуға серпін береді;
- Салық түсімдерін көбейтеді;